«Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

Астана қаласы **14.06.2024 жыл**

«Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) бас директорының міндетін атқарушының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 01-03-12:261 бұйрығымен құрылған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі – топ) құрамы:

Рысбаев А.К. – жұмыс тобының басшысы;

Жұмыс тобының мүшелері:

Жангозин Асхат Ендигисулы – басқарушы директор;

Абдорохманова Кунслу Аблаевна – персоналды басқару бөлімінің басшысы;

Рахимов Ербол Рыспекович – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы;

Жумалиева Жанар Сейтмухаммедовна – бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы;

Ынтыкбаев Ерлан Кайнарбекович – жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы;

Калашников Евгений Александрович – кешенді инженерлік іздестірулер бөлімінің басшысы;

Бидибаева Жаннагуль Калышевна – жұмыс тобының хатшысы.

Ішкі талдау **2023 жылғы мамырдан бастап 2024 жылғы сәуірге дейінгі** кезеңді қамтыды.

Талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Қағида), Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген) сай, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 116-тармағын, ISO 37001 – Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі халықаралық стандартын орындау мақсатында жүргізілді.

Қағиданың 11-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Кәсіпорын туралы

Серіктестікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады *(Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 510-2056 қаулысы).*

Серіктестік Жарғысы жаңа редакцияда бекітілді *(жалғыз қатысушының 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 651 шешімі).*

Жарғының қолданыстағы редакциясындағы Серіктестік қызметінің түрлері:

1) Астана қаласын, қала маңы аймағын және басқа елді мекендерді қала құрылыстық жобалау және дамыту бойынша ғылыми-зерттеу, жобалау, жобалау-эксперименталдық, эксперименталдық-іздеу және нормативтік-әдістемелік жұмысарды орындау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметы саласында нормативтерді әзірлеу.

2) Астана қаласының бас жоспарын (бұдан әрі – Бас жоспар) және басқа елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу, белгіленген тәртіпте қолданыстағы Бас жоспарға және басқа елді мекендердің бас жоспарларына түзетулер енгізу, оларды нақты жағдайлар мен Астана қаласы мен елді мекендерді перспективаға дамытудың қажеттіліктеріне сәйкестікке келтіру;

3) елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық және жылдық бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу.

Серіктестіктің функционалдық міндеттерін орындау Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық, Кәсіпкерлік және Еңбек кодекстеріне, Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктері туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекетік сатып алу туралы» заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік актілеріне, сондай-ақ ішкі құжаттарға (Астана қаласы әкімдігінің, Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының, бақылау кеңесі мен атқарушылық органның актілері) сәйкес регламенттеледі.

Серіктестіктің 2 лицензиясы бар:

- №16017528 жобалау қызметімен айналысуға, 1 санатты, бөлінбейтін, 1 класс, 2016 жылғы 16 қарашада «Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ берген;

- ГСЛ №002108 іздестіру қызметімен айналысуға, бөлінбейтін, 1 класс, 22.06.2001 жылы «Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ.

Талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

Келесі мәселелер бойынша кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

2. Персоналды басқару бөлімі

Бөлім өз қызметін қолданыстағы заңнама талаптарын, сондай-ақ кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

Бөлім тексерілетін кезеңге мынадай статистикалық деректерді ұсынды:

Штат саны 302 адам

ӘБП -52 адам

Өндірістік персонал - 250 адам

15.02.2024ж. бастап штат саны 326 адамды құрады, жалақы өсті.

ӘБП -50 адам

Өндірістік персонал- 276 адам

Қабылданды:131 адам

Жұмыстан босатылды: 148 адам

Тәртіптік жаза: 9 адам

2023ж.- 4 адам

2024ж.- 5 адам

Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы деректерге қатысты.

Персоналды басқару бөлімі қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ҚР БП ҚСжАЕК «Арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесінен және қызметкерден Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінен сотталмағандығы туралы анықтама сұратуды талап етеді.

Персоналды басқару процестерін талдау: персоналды басқарудың негізгі міндеті еңбек ресурстарын тиімді пайдалану болып табылады. Персоналды іздеу және іріктеу; жаңадан келгендерді бейімдеу; қызметкерлерді ынталандыру; оқыту, қайта оқыту және біліктілікті арттыру; корпоративтік мәдениетті енгізу; барлық процестер мен рәсімдерді есепке алу және статистика; еңбек нәтижелерін

бағалау; ақпараттық қамтамасыз ету. Бөлімнің ағымдағы жұмысы (қабылдау, жұмыстан шығару, ауыстыру, еңбек демалысы, іссапарлар және т.б.).

Жариялылық пен ашықтық процедураларын талдау: Апта сайын бос орындар «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ұсынылады. Бос орындар Enbek.kz порталында жарияланады, аталған бос орындар Астана қаласының Жұмыспен қамту орталығында көрінеді. Үміткерлер Серіктестіктің бос жұмыс орындарына жауап береді (егер олар тіркелген болса) сайтта олар жауап қалдыра алады, басқа үміткерлерге (тіркелмегендер) хабарландыруларда көрсетілген нөмірлер бойынша қызмет көрсетіледі (персоналды басқару бөлімінің қалалық / ұялы нөмірі). Жұмыспен қамту орталығы үміткерлерді Серіктестікте жұмыс іздеуге жібереді. Жауаптарды жинау және сұрыптау, түйіндемені талдау, түйіндемені жұмысқа үміткерлер қажет болатын құрылымдық бөлім басшысына беру. Кейін үміткерлер әңгімелесуге шақырылады, содан кейін бос лауазымға үміткерді түпкілікті іріктеу жүргізіледі.

Саны: ерлер-170 адам (47,61%), әйелдер-187 адам (52,38%)

Қызметкерлердің білімі:

Жоғары білім 282 адам (79 %), магистратура 40 адам (11,20%), орта-арнайы 15 адам (42%), орта -20 адам (5,6%)

Орташа жас:

Ерлер -37,0,

Әйелдер -38,3

Барлық қызметкерлердің орташа жасы -37,7

Жеке істердің құжаттарын зерттеу нәтижелері бойынша олардың толықтығы және тиісті салалардың уәкілетті органдарының белгіленген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігі тұрғысынан ескертулер жоқ.

Персоналды басқару бөлімі туралы ережені (*Бас директордың 2024 жылғы «15» ақпандағы № 32-Ө бұйрығымен)* қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары мен бөлімнің қызметіне қатысты басқа да НҚА зерттеу барысында, лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселесі белгіленді, алайда бұл кәсіпорын қызметкерлерін іріктеу және лауазымға тағайындау тәртібінің реттелмегендігінде көрсетілмеген.

Серіктестікте персоналды таңдау, іріктеу және жалдау тәртібін қамтитын НҚА (регламент) болмауына байланысты талдау жүргізу мүмкін емес.

Іріктеуді жүзеге асыру және кейіннен белгілі бір лауазымға тағайындау барысында бос лауазымға ізденушіге қойылатын талаптарды асыруға немесе төмендетуге мүмкіндік беретін дискрециялық өкілеттіктермен байланысты **сыбайлас жемқорлық тәуекелі.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

1. Серіктестікте персоналды таңдау, іріктеу және жалдау тәртібін реттейтін регламент (қағида) әзірлеу.

Персоналды басқару бөлімінің материалдарын зерттеу барысында мыналар анықталды.

Еңбек кодексінің 32-бабы 1-тармағының 3-4) тармақшаларына сәйкес еңбек шартын жасасу үшін білім туралы құжат, кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат (бар болса), тиісті білімді, іскерлікті және дағдыларды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде арнайы білімнің немесе кәсіптік даярлықтың болуы туралы құжат, еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін) қажет.

Алайда Серіктестіктің келесі қызметкерлерінің жеке істерін зерттеу барысында анықталды:

- Урбанистика орталығының маманы С.Е. Токтамысованың жоғары білімінің болмауы.

(Анықтама ретінде: жұмысқа қабылдау туралы 2023 жылғы 28 наурыздағы № 114 Л/С бұйрық, 2024 жылғы 26 наурыздағы еңбек шартын бұзу туралы бұйрық).

Осылайша, урбанистика орталығы туралы ережені (Бас директордың 2024 жылғы «15» ақпандағы № 32-Ө бұйрығымен бекітілген), қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын зерттеу барысында адамды жұмысқа қабылдауда сәйкессіздіктер бар екендігі анықталды. Сонымен, **урбанистика орталығы маманының лауазымдық нұсқаулықтарына** сәйкес орталық маманы лауазымына келесі біліктілік талаптарына сәйкес келетін тұлға тағайындалады (білімі: сәулет және құрылыс, дизайн, өнер мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі не тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі немесе жалпы орта білімі және сертификаттың болуы).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

- мүдделер қақтығысы фактісі бойынша - бөлімнің өзге қызметкерлерінен айырмашылығы тікелей бағыныстағы жақын туысы үшін ерекше жағдайлар жасау (жұмыс орнында заңсыз болмауы, еңбек жағдайларының өзгеруі және т. б.) тәуекеліне жол берілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және болдырмау жөніндегі ұсынымдар:

- персоналды басқару бөлімі комплаенс офицермен бірге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ 14-бабын, ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ ЖШС қызметкерлері қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзушылықтарға жол бермеу туралы жаңадан қабылданған қызметкерлермен мүдделер қақтығысына қатысты нормаларды сақтау бөлігінде тұрақты негізде мониторинг және түсіндіру жұмыстарын жүргізсін,

- жаңадан келген қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Талданып отырған кезеңде мүдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеу жөніндегі шаралар жеткіліксіз қамтамасыз етілгені анықталды.

Нәтижесінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ 14-бабында көзделген мүдделер қақтығысының болу фактісін растайтын 1 жағдайға жол берілді.

Аталған фактілер бойынша Серіктестік басшысына комплаенс офицер туындаған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 6 және 15-баптары шеңберінде белгіленген нормаларға сәйкестендіру бойынша ұсынымдары бар қызметтік жазба ұсынады.

Мүдделер қақтығысының мән-жайлары мен субъектілерін зерттеу кезінде мыналар анықталды:

Жақын туыстардың бірлесіп жұмыс істеу фактісі анықталды:

Анықтама ретінде: *өзінің туған ағасының, далалық жұмыстар секторының меңгерушісі Н.С. Кошановтың (ЖШС 1.10.2021ж. № 226-л/с бұйрығына сәйкес ЖШС-да жұмыс істейді) тікелей бағынысында камералды жұмыс секторының жетекші маманы лауазымында (ЖШС 30.09.2022ж. № 285-л/с бұйрығы) азамат Е.С. Кошанов жұмыс істейді, кешенді инженерлік іздестірулер бөлімінің камералды жұмыс секторында тіркелген, нақты далалық жұмыстар секторында жұмыс істейді, азамат Н.С. Кошанов азамат Е.С. Кошановтың туған ағасы болып табылады.*

Қабылданған шектеулерге сәйкес Кешенді инженерлік іздестірулер бөлімінің басшысы. Е.А. Калашников жұмыс берушіге мүдделер қақтығысына байланысты қалыптасқан жағдай туралы хабарлауға міндетті болды, бұл оның тарапынан болған жоқ.

Мүдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеу жөніндегі функцияны жүктей отырып, кадрларды жұмысқа қабылдау және одан әрі ротациялау кезінде жауапты тұлғаларды анықтау және бекіту ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

- мүдделер қақтығысы фактісі бойынша - бөлімнің өзге қызметкерлерінен айырмашылығы тікелей бағыныстағы жақын туысы үшін ерекше жағдайлар жасау (жұмыс орнында заңсыз болмауы, еңбек жағдайларының өзгеруі және т. б.) тәуекеліне жол берілді;

Шартты түрде, жалпы, Серіктестіктің имиджі мен қаржылық қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысы факторын тиісті тексерусіз, лауазымға тағайындау, сондай-ақ Серіктестік ішінде ротациялау қаупі бар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және болдырмау жөніндегі ұсынымдар:

- персоналды басқару бөлімі комплаенс офицермен бірге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ 14-бабын, ішкі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ Серіктестік қызметкерлері қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзушылықтарға жол бермеу туралы жаңадан

қабылданған қызметкерлермен мүдделер қақтығысына қатысты нормаларды сақтау бөлігінде тұрақты негізде мониторинг және түсіндіру жұмыстарын жүргізсін *(«Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС мүдделер қақтығысын басқару саясатының 4-тарауы 11-тармағына сәйкес)*.

Қызметкерлердің белгіленген жалақыға және штаттық лауазым бойынша өзге де төлемдерге қатысты хабардар болуы туралы істердің жай-күйін талдау үшін зерделеуге мынадай құжаттар ұсынылды: еңбек ұжымының 12.04.2024 ж. жалпы жиналысымен бекітілген «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС ұжымдық шарты, Серіктестік қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу, сыйақы беру және өзге де төлемдер туралы ереже (*15.02.2024ж. № 66-Ө бұйрықпен бекітілген*), сондай-ақ жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында жұмысқа қабылдау туралы еңбек шарттары.

Талдау объектісінің қызметкерлеріне жалақы мен үстемеақылар туралы ақпараттың жабылу фактілері анықталған жоқ.

Анықтама ретінде: *қызметкер қабылдау және еңбек шартына қол қою кезінде белгіленген штат кестесіне сәйкес жалақысы және өзге де төлемдер туралы хабардар етіледі. Хабарлау тәртібі Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген (Серіктестіктің ұжымдық шарты).*

Алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу **белгіленбеген**. Тиісінше, мұндай бұйрықтар табылған жоқ.

Шартты түрде жұмыс берушінің дискрециялық өкілеттіктерімен байланысты **сыбайлас жемқорлық қаупі бар.**

Тәуекелдерді болдырмау бойынша ұсыныстар:

Көтермелеу туралы шешім қабылдаған кезде тәртіптік жазаны алып тастауға ұсынылған кәсіпорын қызметкерінің жұмыс нәтижелерін алдын ала талдау қажет. Объективті критерийлердің бірі оның өз міндеттерін тиісінше орындауын бағалау, сондай-ақ бұрын тартылған бұзушылықтарды жою болуы тиіс.

3. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы

Жоспарлау-экономикалық бөлім басшысының негізгі міндетіне мыналар кіреді

- Серіктестік қызметінің шығыстары мен кірістерін жоспарлау, экономикалық дамудың перспективалық және қысқа мерзімді болжамдарын, бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыру;
- кәсіпорын қызметтері өз бетінше өтінім бере отырып, Серіктестік бюджеттік жоспарлау;

- Серіктестік бухгалтериясымен бірлесіп өндірістік-шаруашылық қызмет нәтижелерін есепке алу және талдау бойынша жұмысты әдістемелік басқару және ұйымдастыру.
- жасалған шарттарға сәйкес қызмет түрлері бойынша Серіктестік қызметтерінің ағымдағы жоспарлардың жобаларын дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыру (есеп айырысуды негіздеу);
- Серіктестік жоспарлы тапсырмаларының мазмұны туралы бөлімшелерді ақпараттандыру;
- ұтымды есепке алу құжаттамасын әзірлеу.

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету шеңберінде Серіктестік 2023 жылы жалпы сомасы **4 780 932** мың теңгеге қызмет көрсетуді жоспарлаған. 2023 жылы жалпы сомасы **4 749 905** мың теңгеге бюджет қаражаты игерілді, оның ішінде: 002 бағдарламасы бойынша - **3 025 555** мың теңге игерілді, басқа мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік органдарға қызмет көрсету шеңберінде - **1 724 350** мың теңге.

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету шеңберінде Серіктестік 2024 жылы жалпы сомасы – **5 917 690** мың теңгеге қызмет көрсетуді жоспарлап отыр, оның ішінде: 002 бағдарламасы бойынша– **4 029 988** мың теңге, басқа мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік органдарға қызмет көрсету шеңберінде **1 887 702** мың теңге. Сәуір айына факті: 002бюджеттік бағдарлама бойынша - **813 018** мың теңге, басқа мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік органдар бойынша – **58 835** мың теңге.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын Тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілген (нақтыланған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді (нақтылайды).

Серіктестіктің 2023 жылға арналған даму жоспары:

1) байқау кеңесінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 3 хаттамасымен;
2) байқау кеңесінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 3 хаттамасымен;
3) байқау кеңесінің 2023 жылғы 7 желтоқсандағы № 4 хаттамасымен бекітілді.

Серіктестіктің 2024 жылға арналған даму жоспары (жыл сайынғы нақтылаумен):

1) байқау кеңесінің 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 хаттамасымен бекітілді.

Өз кезегінде Серіктестіктің мемлекеттік сатып алулар жоспары Серіктестік директорының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №151-Ө бұйрығымен бекітілді және 2022 жылы 24 желтоқсанда мемлекеттік сатып алулар порталына орналастырылды.

Талдау барысында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ

мемлекеттік сатып алу ЖШС өткізу кезеңіне тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өткізу тәсілдері мен нарықтық құнының сәйкестігі зерттелді.

Талдау кезеңінде 2023 жылғы 15 мамырдан бастап 2024 жылғы 31 сәуір аралығында Серіктестікпен жалпы сомасы 808 141 268,45 теңгеге (оның ішінде ҚҚС есебінсіз 354 598 147, 45 теңгеге; ҚҚС есебімен 453 543 121 теңгеге шарттар жасалды) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарттары жасалды.

Оның ішінде бір көзден алу тәсілімен өткізілмеген сатып алулар бойынша («Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес тапсырыс берушіні анықтау бойынша) - 40 бір көзден алу, 27 - тікелей шарт жасасу жолымен.

«Қайрау» деп аталатын, яғни қасақана бейімделген сипаттамалары бар сатып алуларға қатысты тәуекелдерді болдырмау мақсатында нақты өнім беруші, Серіктестік үшін техникалық сипаттамаларда мынадай шаралар қабылданады:

1. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу веб-порталында камералдық бақылау органдары барлық сатып алуларға форматты – логистикалық бақылау жүргізеді, бұл нақты өнім беруші үшін техникалық ерекшеліктердегі сипаттамаларды «реттеуге» мүмкіндік бермейді, өйткені хабарландыруларда бұзушылықтар анықталған жағдайларда сатып алу тоқтатылады және бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жіберіледі.

Сондай-ақ Заңның 22-бабына сәйкес «ашық конкурс», «алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс», «аукцион» тәсілдерімен сатып алуды өткізу кезінде міндетті түрде өздерінің сұратуларын не құжаттамаға ескертулерді жібере алатын әлеуетті өнім берушілердің конкурстық (аукциондық) құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы жүргізіледі.

2. Мемлекеттік сатып алу қызметі «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 9-бабының және 38-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкестігіне техникалық ерекшеліктерді тексереді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мемлекеттік сатып алу туралы заңды бұза отырып, әлеуетті өнім берушілерге тең емес мүмкіндіктер беру бөлігінде.

Ұсыныстар: Жүргізіліп жатқан шаралармен қатар, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға техникалық ерекшелікті қалыптастыру кезінде мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, сондай-ақ өтінімдерді беру алгоритмі мен тәртібін, орындаушылардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау мақсатында әлеуетті қызметтерге тең емес мүмкіндіктер беру бөлігінде мерзімдері мен жауапкершілігін реттейтін ішкі нормативтік құжатты (регламентті, қағидаларды) әзірлеу қажет деп санаймыз.

Талданып отырған кезеңде Серіктестікпен төменде аталған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы 21 (жиырма бір) талап арыз берілді: ДК «Айзере», ДК «Калдыбай», - ДК «Атабекова», ДК «Сапа», AER, «AVA Build» ЖШС, «Бакыт К» ЖШС, Тотем,

«Aimatau Stream» ЖШС, ДК «Андирова», «Республиканский центр подготовки и обучение кадров» ЖШС, ДК «Суртаева», ДК «NIKA AST», ДК «Рустемова А А», «Қызылту – Көлік» ЖШС, AZUpro, ДК «Бесжигитова», ДК «Усенова Тогжан», «SKY Tehnology» ЖШС, Мади, ЖШС Ибрагимов А.З., оның ішінде:

- 21 талап арыз қанағаттандырылды;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: Мемлекеттік сатып алу туралы заңды бұза отырып, әлеуетті өнім берушілерге тең емес мүмкіндіктер беру бөлігінде тәуекелдер туындауы мүмкін.

Ұсыныстар: тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға техникалық ерекшелікті қалыптастыру кезінде мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, сондай-ақ өтінімдерді беру алгоритмі мен тәртібін, орындаушылардың мерзімдері мен жауапкершілігін регламенттейтін ішкі нормативтік құжатты (регламентті, қағидаларды) әзірлеу.

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе жою фактілері анықталмаған.

Орташа нарықтық көрсеткіштерден тауарлық-материалдық құндылықтардың аффилиирлену және құнының асып кету фактілері анықталған жоқ.

Сонымен қатар, тексерілетін кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары тексерулер жүргізген жоқ.

4. Бухгалтерлік есеп бөлімі

Талдау барысында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды Серіктестік өткізу кезеңіне тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өткізу тәсілдері мен нарықтық құнының сәйкестігі зерттелді.

Бухгалтерлік есеп бөлімінің негізгі міндеті бухгалтерлік есепті ұйымдастыру, серіктестіктің қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Талданып отырған кезеңде Астана қаласының Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – ІМАД) «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС-да 2023 жылғы 18 қыркүйектен бастап 2023 жылғы 6 қазан аралығындағы кезеңде қаржылық есеп пен есептіліктің дұрыстығына тексеру жүргізді.

ІМАД 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 124 жүргізілген аудит нәтижелері бойынша қаржылық есеп пен есептілік желісі бойынша нормаларды бұзу анықталған жоқ.

Ұсыныстар:

Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімімен бірлесіп ҚР «Бухгалтерлік есеп және аудит туралы» Заңының, бухгалтерлік есеп ережелерінің, есеп саясатының және ХҚЕС (халықаралық қаржылық есептілік

стандарттары) нормаларын сақтау бөлігінде, Есептен шығару тәртібі, кәсіпорынның балансындағы тауарлық-материалдық құндылықтар мен негізгі құралдарды белгілеу туралы ережені, кредиторлық берешекпен жұмыс туралы ережені, шарттарды дайындау, жасасу және орындау тәртібі туралы ережені, сондай-ақ ТЖҚ жеткізушілеріне төлемдерден өту ережесін әзірлеуге қатыссын.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

5. Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімі

Тексерілетін кезең үшін Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2023 жылдан бастап 2024 жыл аралығындағы кезеңге жосықсыз өнім берушілер бойынша Серіктестіктен 29 талап-арыз берілді.

18 талап-арыз қанағаттандырылды (тауар нақты жеткізілген жоқ, сәйкесінше төлем жасалған жоқ), сот 2 талап бойынша бас тартты, сот дәлелді бас тартуды қабылдады, соттың Серіктестіктің талап-арызын қарау кезеңінде тауарды жеткізуіне байланысты 7 талап-арыз қараусыз қалдырылды, 2 талап-арыз қарауда.

Тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын белгілі бір өнім берушілердің өз міндеттемелерін уақтылы және сапалы орындауы сақталмады. Нәтижесінде, кәсіпорын іс жүргізу мерзімдерін бұзуға жол бермеу үшін талап-арыз беруге мәжбүр.

Талданып отырған кезеңде жосықсыз өнім берушілер бойынша сотқа талап-арыз беру мерзімдерін бұзу анықталған жоқ.

Жеткізу шартының талаптарын тиісінше орындамаған өнім берушілерге қатысты ден қою шараларының уақтылығы мен толықтығы қамтамасыз етіледі.

Шартты түрде тәуекел бар, өйткені Серіктестіктің лауазымды тұқлғаларына ҚР ӘҚБтК-нің 207-бабына сәйкес талап-арызды уақтылы бермеу себебінен 30 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуға болады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ұсыныстар.

Кәсіпорынның талап-арыз талаптарының уақтылы берілуіне тұрақты бақылауды жүзеге асыру, жосықсыз өнім берушілердің тауарлар мен қызметтерді жеткізу мерзімдерінің бұзылуына қатысты тәуекелдерге талдау (талдамалық анықтама) жүргізу.

- тараптардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуін және оларды уақтылы ескертуге дайындығын өзара түсінуіне бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы үлгілік ескертпелер әзірлесін, әрі қарай Серіктестік жасасатын шарттарға енгізілсін.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері туралы Үлгі ережеге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын қамтамасыз ету қызметінің функциялары туралы ішкі ережеге – «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС қызметінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсіне сәйкес функциялар мен өкілеттіктер кәсіпорынның комплаенс-офицеріне жүктелген.

Талданып отырған кезеңде мынадай жұмыстар жүргізілді:

1. Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітілді;
2. Бірқатар түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілді:

- 2023 жылы – 3 іс-шара (семинар-кеңес)
- 2024 жылы – 2 семинар-кеңес, оның ішінде Серіктестікте ISO 37001:2016 халықаралық стандартын енгізуді жүзеге асыратын компания өкілінің қатысуымен.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде тиісті шаралар қабылдай отырып, мүдделер қақтығысының туындауында көрсетілген қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамауының 1 фактісі анықталды;
4. Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы комплаенс офицерін хабардар ету үшін хабарлама арнасының (оның ішінде анонимді) жұмыс істеуі қамтамасыз етілді (телефон 8-771-298-30-80). Осы уақытқа дейін хабарламалар болған жоқ.
5. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыты жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулықтың №1 қосымшасына сәйкес уәкілетті органдарға тоқсан сайынғы есептерді уақтылы ұсыну қамтамасыз етілді;
6. «Kompra» БЖ көмегімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада белгіленген шектеулерді бұзу фактілерін – жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының бірлескен жұмысын анықтау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау мақсатында серіктестіктің басшы құрамынан қызметкерлердің жеке істерін тұрақты негізде тексеру жүргізіледі;
7. Талданатын кезең үшін:

- Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау, толық немесе уақтылы қабылдамау фактілері анықталған жоқ;
- Серіктестік қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілері анықталған жоқ;

- егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдау фактілері анықталған жоқ;

- ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу, иелену, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілері анықталған жоқ;

- жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ-тан кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз әрекеттер туралы шағымдар түскен жоқ.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Серіктестікте диагностикалық аудит жүргізе отырып, ISO 37001:2016 Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын енгізу, сондай-ақ нақты рәсімдер мен Қағидаларда көрсетілген өндірістік процесте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың бірқатар нақты ұйымдастырушылық шараларын әзірлеу және енгізу жүзеге асырылды.

ISO 37001:2016 негізіне алынған тәуекелге бағдарланған және процестік тәсілдерге сүйене отырып, ұйымдастыру шараларын ескере отырып, Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі енгізілді.

Қазіргі уақытта Серіктестікте ISO 37001: 2016 халықаралық стандартына сәйкестік сертификатына ие *(сертификаттың № 212437/a/0001/UK/RUS, сертификаттау циклінің басталуы 2024 жылғы 23 ақпан – сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталу күні 2027 жылғы 22 ақпан).*

Қорытындылар:

1. «Астана бас жоспары» ҒЗЖИтТалдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және келісу.

2. Жауапты тұлға – комплаенс-офицер жұмыс тобының құрамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтамаға қол қойылған күннен бастап ұсынымдардың орындалуына мониторинг жасау және бағалауды жүзеге асыру.

3. Жауапты тұлға – комплаенс-офицер, кәсіпорын қызметтерінің басшылары сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және серіктестік қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмысты тұрақты негізде жүргізу.

Бас директор **Жакупов Р.Е.**

Жұмыс тобының басшысы **Рысбаев А.К.**

Келісілді:

Басқарушы директор **Жангозин А.Е.**

Персоналды басқару
бөлімінің басшысы **Абдорохманова К.А.**

Құқықтық қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы **Рахимов Е.Р.**

Бухгалтерлік есеп
бөлімінің басшысы **Жумалиева Ж.С.**

Жоспарлау-экономикалық
бөлімінің басшысы **Ынтыкбаев Е.К.**

Кешенді инженерлік іздестіру
бөлімінің басшысы **Калашников Е.А.**

Жұмыс тобының хатшысы **Бидибаева Ж.К.**

Аналитическая справка
по результатам проведенного внутреннего анализа
коррупционных рисков в Товариществе с ограниченной ответственностью
«Научно – исследовательский проектный институт «Астанагенплан»

г. Астана **14.06.2024 года**

Рабочей группой по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков (далее - группа), созданной приказом исполняющего обязанности генерального директора товарищества с ограниченной ответственностью «Научно – исследовательский проектный институт «Астанагенплан» (далее – Товарищество) от 24 апреля 2024 года № 01-03-12:261 «О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков», в составе:

Рысбаев А.К. – руководитель рабочей группы;

Члены рабочей группы:
Жангозин Асхат Ендигисулы - Управляющий директор;
Абдорохманова Кунслу Аблаевна - Руководитель отдела управления персоналом;
Рахимов Ербол Рыспекович - Руководитель отдела правового обеспечения и государственных закупок;
Жумалиева Жанар Сейтмухаммедовна - Руководитель отдела бухгалтерского учета;
Ынтыкбаев Ерлан Кайнарбекович - Руководитель планово-экономического отдела;
Калашников Евгений Александрович - Руководитель комплексного отдела инженерных изысканий;
Бидибаева Жаннагуль Калышевна секретарь рабочей группы,

Внутренним анализом охвачен период **с мая 2023 года по апрель 2024 года.**

Анализ проведен в соответствии с пунктом 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции» согласно Типовым правилам проведения внутреннего анализа коррупционных рисков утверждённый приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 19 октября 2016 года №12 (далее - Правила), Методическими рекомендациями по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков (утверждены приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции

(Антикоррупционной службы) от 30 декабря 2022 года №488), а также во исполнения пункта 116 Общенационального плана мероприятий по реализации Послании Главы государства от 1 сентября 2020 года международного стандарта ISO 37001 – Система менеджмента противодействия взяточничеству.

